

Қазақстан Республикасының Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің 2016 жылғы 11
қаңтардағы № 164 Жарлығы. Күші
жойылды - Қазақстан
Республикасы Президентінің 2017
жылғы 10 қазандағы № 559
(алғашқы ресми жарияланған
күнінен бастап қолданысқа
енгізіледі) Жарлығымен

Президент Республики Казахстан

"Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы


Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 10.10.2017 № 559 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 28, 424-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидаларында:

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



«13. Әкімдікке кандидаттар ұсынуды аудан (қала) әкімі жергілікті қоғамдастық жиналысымен келіскеннен кейін балама негізде (яғни әкім лауазымына кемінде екі кандидат) жүзеге асырады.

Жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы сайлауды тағайындаған сәттен бастап жүргізілуі мүмкін.»;
мынадай мазмұндағы 61-1-тармақпен толықтырылсын:

«61-1. Жергілікті қоғамдастық жиналысы әкімді қызметтен босату туралы мәселеге бастамашылық жасай алады.».

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н.Назарбаев

КҮШІ ЖОЙЫЛҒАН